

## **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) функционалдық міндеттерді жүзеге асыру кезінде серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарын болғызбау.

3) серіктестік қызметінің тиімділігін арттыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізінде Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін атқару жөніндегі мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында құрылған:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде;

3) Серіктестіктің қызметтерді және өзге де функцияларды көрсетуі кезінде;

4) Серіктестіктің мұқтажы үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде;

5) Серіктестікте кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде;

6) Серіктестік қызметінде туындайтын өзге де өзара қатынастар кезінде.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жеке және заңды тұлғалардың функцияларын жүзеге асыру және құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде серіктестік қызметінде қолданылады.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт серіктестік қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолданудың қоғамдық қатынастар саласы – осы қоғамдық қатынастардың өзге де салалары.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші – «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» ЖШС.

**2. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін атқару жөніндегі мінез-құлдық (іс-қимыл) қағидалары**

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде серіктестік қызметкерлері:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, серіктестік директорының бұйрықтарын, сондай-ақ серіктестіктің жарғысын басшылыққа алуға;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

3) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;

5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдар мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

6) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

7) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

8) серіктестікте еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

9. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде серіктестік қызметкерлері:

1) тікелей немесе жоғары тұрған басшыға мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілігі туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндауға;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдар мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

3) әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеуге және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;

5) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа баяндауға;

6) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлауға;

7) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылса, жоғары тұрған басшылыққа жүгінуге;

8) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға міндетті.

10. Серіктестіктің қызметтерді және өзге де функцияларды көрсетуі кезінде Серіктестік қызметкерлері:

1) тұрақты негізде қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдауға;

2) пайдаланушыларға қызмет көрсету тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсынуға міндетті;

3) көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеуге, сол сияқты қызметтер көрсету және өзге де функциялар барысында кез келген әуре-сарсаңға (бюрократияға) жол бермеуге;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеген кезде басшылыққа баяндауға;

5) қызмет көрсету процесінің, қызмет көрсету кезінде үнемділік пен тиімділіктің ұдайы жетілдірілуін қамтамасыз етуге міндетті.

11. Серіктестіктің мұқтажы үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде серіктестіктің қызметкерлері:

1) Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсауға;

2) заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беруге;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен мөлдірлігін қамтамасыз етуге;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге міндетті;

12. Серіктестікте кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде Серіктестік қызметкерлері:

1) Серіктестікке жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерлерге жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіруге міндетті;

2) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті;

3) серіктестік қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеуге;

4) жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;

5) Серіктестік қызметкерлеріне қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізуге міндетті.

13. Серіктестік қызметінде туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде Серіктестік қызметкерлері:

1) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және айқын белгілеуге;

2) бағыныстағы жұмыскерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеуге;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;

4) анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуге;

- 5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбауға;
- 6) қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеуге;
- 7) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде уақтылы кешенді шаралар қабылдауға;
- 8) серіктестік мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге, автокөлік құралдарын қоса алғанда, Серіктестік мүлкін қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалануға міндетті.

### **3. Жауапкершілік**

14. Серіктестік қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

## **Антикоррупционный стандарт**

### **1. Общие положения**

1. Настоящий Антикоррупционный стандарт ТОО «Центр анализа и развития межконфессиональных отношений» (далее – Товарищество) разработан в соответствии со статьей 10 Закона Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года № 410-V «О противодействии коррупции», Методическими рекомендациями по разработке антикоррупционных стандартов Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции.

2. Целью Антикоррупционного стандарта является недопущение коррупционных проявлений, формирование нулевой терпимости к проявлениям коррупции в деятельности Товарищества.

3. Задачи Антикоррупционного стандарта:

- 1) формирование устойчивого антикоррупционного поведения у работников Товарищества при осуществлении функциональных обязанностей;
- 2) своевременное выявление коррупционных проявлений и предотвращение их негативных последствий.
- 3) повышение эффективности деятельности Товарищества.

4. В основе Антикоррупционного стандарта заложены правила поведения (действия) работников Товарищества по исполнению должностных обязанностей с целью недопущения проявлений коррупции при:

- 1) реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере, затрагиваемой Антикоррупционным стандартом;
- 2) подготовке и принятии управленческих и иных решений в пределах своей компетенции;
- 3) оказании услуг Товариществом и иных функций;
- 4) осуществлении государственных закупок для нужд Товарищества;
- 5) организации кадровой работы в Товариществе;
- 6) иных взаимоотношениях, возникающих в деятельности Товарищества.

5. Применение и исполнение антикоррупционного стандарта:

1) Антикоррупционный стандарт применяется в деятельности Товарищества при осуществлении функций и реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц.

2) Антикоррупционный стандарт обязателен для исполнения работниками Товарищества.

6. Сфера общественных отношений применения настоящего Антикоррупционного стандарта – иные сферы общественных отношений.

7. Разработчик Антикоррупционного стандарта – ТОО «Центр анализа и развития межконфессиональных отношений».

## **2. Правила поведения (действия) работников Товарищества по исполнению должностных обязанностей с целью недопущения проявлений коррупции**

8. При реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц в сфере затрагиваемой Антикоррупционным стандартом, работники Товарищества обязаны:

1) руководствоваться Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента, Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, приказами директора Товарищества, а также уставом Товарищества;

2) способствовать укреплению единства народа Казахстана и межнационального согласия в стране, уважительно относиться к государственному и другим языкам, традициям и обычаям народа Казахстана;

3) обеспечивать прозрачность принятия решений, затрагивающих права и законные интересы физических и юридических лиц;

4) своими действиями и поведением не давать повода для критики со стороны общества, не допускать преследования за критику, использовать конструктивную критику для устранения недостатков и улучшения своей деятельности;

5) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность организаций и иных лиц при решении вопросов личного характера;

6) не распространять сведения, не соответствующие действительности;

7) не допускать совершения проступков и иных правонарушений, за которые законом предусмотрена дисциплинарная, административная либо уголовная ответственность;

8) обеспечить исполнение в Товариществе трудового законодательства, соблюдения режима и условий труда.

9. При подготовке и принятии управленческих и иных решений в пределах своей компетенции, работники Товарищества обязаны:

- 1) докладывать непосредственному или вышестоящему руководителю о возникновении конфликта интересов, личной заинтересованности при исполнении служебных обязанностей, о склонении к коррупционному поведению и получению подарков;
- 2) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность организаций и иных лиц при решении вопросов личного характера;
- 3) не дарить коллегам, руководителям и иным должностным лицам подарки и не оказывать неслужебные услуги для получения с использованием должностных полномочий имущественной выгоды, блага либо преимущества;
- 4) проявлять активность в противодействии коррупции, раскрытии коррупционных правонарушений;
- 5) докладывать руководству о ставших им известными фактах коррупции, а также о склонении к получению какой-либо выгоды;
- 6) в письменной форме сообщать непосредственному руководителю о сомнениях в правомерности полученного для исполнения распоряжения;
- 7) обращаться к вышестоящему руководству, если непосредственный руководитель сам вовлечен в конфликт интересов;
- 8) Не использовать служебную и иную информацию, не подлежащую распространению, в целях получения или извлечения имущественных и неимущественных благ и преимуществ.

10. При оказании услуг Товариществом и иных функций, работники Товарищества обязаны:

- 1) на постоянной основе принимать меры по повышению качества оказания услуг;
- 2) предоставлять полную и достоверную информацию о порядке оказания услуг пользователям в доступной форме;
- 3) не допускать истребования не предусмотренных документов, а равно избегать всяческой волокиты (бюрократии) в ходе оказания услуг и иных функций;
- 4) докладывать руководству при склонении к совершению коррупционного правонарушения;
- 5) обеспечивать постоянное совершенствование процесса оказания услуг, экономичности и эффективности при оказании услуг.

11. При осуществлении государственных закупок для нужд Товарищества, работники Товарищества обязаны:

- 1) оптимально и эффективно расходовать денежные средства, используемые для государственных закупок;
- 2) предоставлять потенциальным поставщикам равные возможности для участия в процедуре проведения государственных закупок, кроме случаев, предусмотренных Законом;
- 3) обеспечивать открытость и прозрачность процесса государственных закупок;
- 4) не допускать коррупционных проявлений;

12. При организации кадровой работы в Товариществе, работники Товарищества обязаны:

- 1) при приеме на работу в Товарищество разъяснять основные обязанности, запреты и ограничения, возлагаемые на работников;
- 2) соблюдать требования законодательства Республики Казахстан при отборе кадров;
- 3) не допускать необоснованной передачи сведений о персональных данных работников Товарищества;
- 4) не требовать от кандидатов на работу документы, не имеющие отношения для заключения трудового договора;
- 5) объективно и всесторонне проводить служебные расследования в отношении работников Товарищества.

13. При иных взаимоотношениях, возникающих в деятельности Товарищества, работники Товарищества обязаны:

- 1) конкретно и четко определять задачи и объем служебных полномочий подчиненных работников;
- 2) не допускать неравномерного распределения трудовой нагрузки между работниками, находящимися в подчинении;
- 3) проявлять справедливость и объективность при оценке результатов их деятельности, а также при применении мер поощрения и взысканий;
- 4) не отдавать явно невыполнимых распоряжений или выходящих за рамки их должностных обязанностей, а также противоречащих законодательству;
- 5) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность подчиненных при решении вопросов внеслужебного характера;

- 6) не принуждать подчиненных к совершению коррупционных правонарушений;
- 7) своевременно принимать исчерпывающие меры по урегулированию конфликта интересов, возникшего у коллег в ходе выполнения ими своих должностных обязанностей;
- 8) обеспечивать сохранность имущества Товарищества, рационально, эффективно в служебных целях использовать имущество Товарищества, включая автотранспортные средства.

### **3. Ответственность**

14. Работники Товарищества несут ответственность за неисполнение либо ненадлежащее исполнение Антикоррупционного стандарта в соответствии с законодательством Республики Казахстан.